

Бекітемін
«Асылым777» «Асылым» балабақшасының
меңгерушісі Г.М. Қыстаубаева



**«Асылым» балабақшасының 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік
кеңестерінің жұмыс жоспары**

№	Тақырыптары	Мерзімі	Жауапты
1	№1 отырыс Балабақшаның жылдық жоспарын талқылау, өзгерістер енгізу, толықтыру. Әдістемелік нұсқау хатпен танысу және өзгерістерді қарастыру. ҚР мектепке дейінгі тәрбие Мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты үлгілік бағдарламаға шолу жасау. Білім беру дағдылары бойынша балалардың біліктері мен дамуын анықтау мониторингі. Ортаңғы топтағы балалардың бейімделу деңгейін бақылау.	Қыркүйек	Әдіскер тәрбиешілер
2	Тақырыбы: Шығармашылық тақырыпты дұрыс таңдаудың тиімді ерекшеліктері. Режимдік сәттерді СанПин талаптарына сәйкес орындау туралы нұсқау. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет көрсетуге дайындалуға нұсқаулық. «Дене шынықтыру бойынша дидактикалық материалдар және көрнекіліктер қоры» тақырыптық бақылау қорытындысын жасау. №2 педагогикалық кеңеске дайындық.	Қараша	Әдіскер, тәрбиешілер, педагогтар
3	Тақырыбы: Педагогтердің өз білімін жетілдіру жоспарының орындалуы туралы пікірталас. №2 педагогикалық кеңеске дайындық	қаңтар	Әдіскер, тәрбиешілер, педагогтар
4	Тақырыбы: "Балалардың біліктері мен дамуының қорытынды мониторингінің нәтижесін талдау. Үйірме жұмыстарының жүргізілу барысын кешенді бақылау. Жас мамандар мектебінің жұмысы турлы есеп беру. Балалардың мектепке оқуға даярлығы.	мамыр	Әдіскер, тәрбиешілер, педагогтар

**ЖСП «Асылым 777», «Асылым» балабақшасы
№1 әдістемелік кеңес хаттамасы**

Өткізілетін күні: «04» қыркүйек 2023 жыл

Өткізілетін орны: Музыкалық зал

Қатысқандар: 10 педагог

Қатыспағандар: 0

Төраға: Қыстаубаева Г.М

Хатшы: Елтокова Л.Б

Күн тәртібі:

1. 2023-2024 оқу жылына арналған балабақшаның жылдық жұмыс жоспарын талқылау, өзгерістер енгізу және толықтыру.
2. 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен танысу, өзгерістер мен толықтыруларды қарастыру.
3. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына және үлгілік оқу бағдарламасына шолу жасау.
4. Білім беру дағдылары бойынша балалардың біліктері мен даму деңгейін анықтау мониторингі туралы.
5. Ортаңғы топтағы балалардың бейімделу деңгейін бақылау қорытындылары.

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша:

Балабақша құрылтайшысы Тулегенова А.С сөз сөйлеп, 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарының негізгі бағыттарына тоқталды. Жоспардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленгенін атап өтті.

Жылдық жоспардың мақсаты-тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау, білім беру сапасын арттыру, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру және ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту екендігі айтылды.

Сонымен қатар төмендегі бағыттар бойынша жұмыстар жоспарланғаны айтылды:

- тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру;
- балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- денсаулық сақтау технологияларын қолдану;
- инновациялық педагогикалық технологияларды енгізу;
- педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру;
- ата-аналармен бірлескен жұмыстарды жетілдіру;
- мерекелік іс-шаралар мен жобалық жұмыстарды ұйымдастыру;
- балалардың қауіпсіз әрі жайлы ортада тәрбиеленуін қамтамасыз ету;
- мектепке даярлық жұмыстарын жүйелі ұйымдастыру болып табылатыны айтылды.

Үлгілік оқу бағдарламасындағы бес білім беру саласы қарастырылды:

1. Денсаулық
2. Коммуникация
3. Таным
4. Шығармашылық
5. Әлеумет

Әр білім беру саласы бойынша күтілетін нәтижелер мен балалардың меңгеруі тиіс дағдылары талқыланды.

Педагогтерге ұйымдастырылған іс-әрекет барысында балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескеру, дамытушы орта құру, ұлттық ойындар мен заманауи әдіс-тәсілдерді үйлестіру ұсынылды.

4-мәселе бойынша

Мониторингтің мақсаты-тәрбиеленушілердің даму динамикасын анықтау, олардың білім, білік, дағдыларының қалыптасу деңгейін бақылау екендігі айтылды.

Мониторинг барысында келесі бағыттар қамтылатыны түсіндірілді:

- физикалық;
- коммуникативтік дағдылар;
- танымдық және зияткерлік қабілеттер;
- шығармашылық дағдылар;
- әлеуметтік-эмоционалдық даму.

Сонымен қатар мониторинг нәтижелері педагогтердің келесі жұмыстарын жоспарлауға негіз болатыны айтылды.

Тәрбиешілерге:

- балалардың жеке даму карталарын уақытылы толтыру;
- диагностика нәтижелерін талдау;
- түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастыру;
- ата-аналарға кері байланыс беру тапсырылды.

5-мәселе бойынша

Ортаңғы топ тәрбиешісі Елтокова Л.Б ортаңғы топтағы балалардың бейімделу кезеңінде эмоционалдық тұрақсыздық, ата-анадан ажырау қиындығы, қарым-қатынасқа түсудегі ерекшеліктер байқалғаны айтылды.

Менгеруші-әдіскер Кыстаубаева Г.М жылдық жоспарға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларға тоқталды. Атап айтқанда:

- перспективалық жоспар мен циклограмманы жаңартылған талаптарға сәйкестендіру;
- ұйымдастырылған іс-әрекеттің кіріктірілген формаларын көбейту;
- балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып жұмыс жүргізу;
- ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбиелік іс-шараларды күшейту;
- мониторинг жүргізудің жаңа тәсілдерін енгізу ұсынылды.

Тәрбиешілер тарапынан келесі ұсыныстар айтылды:

- ата-аналармен семинарлар мен ашық есік күндерін жиі өткізу;
- ойын арқылы оқыту технологияларын кеңінен қолдану;
- балалардың сөйлеу тілін дамыту бағытындағы жұмыстарды күшейту;
- ерекше білімді қажет ететін балалармен жеке жұмыстар ұйымдастыру.

2-мәселе бойынша:

Менгеруші-әдіскер Кыстаубаева Г.М 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен таныстырды.

Әдістемелік нұсқау хатта:

- оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру ерекшеліктері;
- ұйымдастырылған іс-әрекетті жоспарлау талаптары;
- балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес даму міндеттері;
- педагог құжаттамаларын жүргізу тәртібі;
- мониторинг жүргізу кезеңдері;
- ата-аналармен өзара әрекеттесу бағыттары;
- инклюзивті білім беру мәселелері қарастырылғаны айтылды.

Педагогтерге оқу қызметін ұйымдастыру кезінде балалардың қызығушылығына негізделген әдістерді қолдану, зерттеу, ойын, шығармашылық әрекеттер арқылы оқыту қажеттілігі түсіндірілді. Сонымен қатар педагогтердің кәсіби дамуына ерекше көңіл

ЖШС «Асылым777» «Асылым» балабақшасының
№2 әдістемелік хаттамасы

Өткізілген күні: 02 қараша 2023 жыл
Өткізілген орны: Асылым балабақшасы
Қатысқандар: 10 педагог
Қатыспағандар: 0
Төраға: Кыстаубаева Г.М.
Хатшы: Елтокова Л.Б.

Күн тәртібі:

1. Шығармашылық тақырыпты дұрыс таңдаудың тиімді ерекшеліктері.
2. Режимдік сәттерді СанПин талаптарына сәйкес орындау туралы нұсқау.
3. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет көрсетуге дайындалуға әдістемелік нұсқаулық беру.
4. «Дене шынықтыру бойынша дидактикалық материалдар және көрнекіліктер қоры» тақырыптық бақылау қорытындысы.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша

Балабақша құрылтайшысы Тулегенова Алия Сайлыбаевна сөз сөйлеп, педагогтердің кәсіби дамуындағы шығармашылық тақырыптың маңызына жан-жақты тоқталды.

Баяндама барысында педагогтің шығармашылық ізденісі оқу тәрбие процесінің сапасын арттырудың негізгі тетіктерінің бірі екендігі айтылды. Менгеруші-әдіскер Кыстаубаева Г.М. шығармашылық тақырыпты таңдау педагогтің кәсіби қызығушылығына, тәжірибесіне жұмыс бағытына және балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес болу керектігін атап өтті.

Сонымен қатар шығармашылық тақырыптың:

- Өзекті болуы;
- Тәжірибелік маңызға ие болуы;
- Жаңашылдық элементтерін қамтуы;
- Педагогтің кәсіби өсуіне ықпал етуі;
- Тәрбиеленушілердің дамуына оң нәтиже беруі қажеттігі түсіндірілді.

Педагогтерге шығармашылық тақырып таңдауда төмендегі мәселелерді ескеру ұсынылды.

Шығармашылық тақырып таңдаудың негізгі бағыттары:

- Сөйлеу тілін дамыту;
- Ұлттық құндылықтарға тәрбиелеу;
 - ойын арқылы оқыту;
- Шығармашылық қабілетті дамыту;
- Сенсорлық даму;
 - денсаулық сақтау технологиялары;
- Зерттеу әрекеттері;
- STEM элементтерін қолдану;

- Инклюзивті білім беру
- Ерте жастағы балаларды бейімдеу жұмыстары.

Әдіскер педагогтердің шығармашылық жұмыстары бірнеше кезеңнен тұратынын атап өтті:

1. Тақырыпты анықтау;
2. Мақсат-міндеттерді белгілеу;
3. Жоспар құру;
4. Практикалық жұмыстар жүргізу;
5. Мониторинг жасау;
6. Қорытындылау және тәжірибе тарату;

Сонымен қатар педагогтердің шығармашылық жұмыстары ашық ұйымдастырылған іс-әрекет, семинар, шеберлік сағаты, баяндама, көрме түрінде таратылуы қажет екендігі айтылды.

Тәрбиеші өз тәжірибесімен бөлісіп, ойын технологияларын қолдану арқылы балалардың танымдық белсенділігі артқанын айтты.

Тәрбиеші Акбаева Р.Ж. шығармашылық тақырып бойынша жүйелі жұмыс жүргізудің нәтижесінде балалардың сөйлеу мәдениеті мен шығармашылық қабілеттерді жақсарғанын баяндады

2 мәселе бойынша

Медбике мектепке дейінгі ұйымдарда санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау балалар денсаулығын нығайтудың басты шарты екендігін атап өтті.

Күн тәртібін ұйымдастыру барысында төмендегі талаптардың сақталуы міндеттеледі:

Таңертенгі қабылдау кезінде:

- балалардың денсаулық жағдайын бақылау;
- Дене қызуын тексеру;
- Сыртқы келбетіне назар аудару;
- Жұқпалы ауру белгілерін анықтау;
- Ата-аналармен күнделікті байланыс орнату.

Тамақтану кезінде:

- ас мәзірінің талапқа сай болуы;
- Балалардың жеке гигиенасын сақтау;
- Үстел мәдениетін қалыптастыру;
- Тағамның сапасы мен температурасын бақылау;

Ұйқы режимінде:

- Бөлмені алдын ала желдету;
- Төсек орын тазалығын сақтау;

- Тыныш орта қалыптастыру,
- Балалардың дұрыс жатуын қадағалау;

Серуен кезінде:

- Ауа райына сәйкес киіндіру;
- Қауіпсіздік ережелерін сақтау;
- Қозғалыс белсенділігін арттыру;
- Қимылды ойындарды ұйымдастыру;

Топ бөлмелерінде:

- Күнделікті ылғалды тазалық жүргізу;
- Кварцтау;
- Желдету режимін сақтау;
- Ойыншықтарды залалсыздандыру;
- Қауіпсіз орта қалыптастыру.

Медбике педагогтерге санитарлық талаптарды сақтамау балалар денсаулығына кері әсер ететінін ескертті.

Сонымен қатар балалар арасында жұқпалы аурулардың алдын алу, жеке бас тазалығын қалыптастыру, дұрыс тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жүйелі жүргізу қажеттігі айтылды.

3-мәселе бойынша

Меңгеруші Кыстаубаева Г.М. ашық ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындалу бойынша кеңейтілген әдістемелік нұсқаулық берді.

Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты:

- Педагог тәжірибесін тарату;
- Тиімді әдіс-тәсілдерді көрсету;
- Кәсіби шеберлікті арттыру;
- Педагогтер арасында тәжірибе алмасу екендігі түсіндірілді.

Әдіскер ашық іс-әрекетке дайындалу барысында төмендегі талаптарға ерекше назар аудару қажеттігін айтты.

Ұйымдастырылған іс-әрекетті жоспарлау:

- Тақырыптың оқу бағдарламасына сәйкестігі;
- Мақсат пен міндеттердің нақтылығы;
- Балалардың жас ерекшеліктерін ескеру;
- Оқу нәтижесін анықтау.

Әдiс тәсiлдердi таңдау:

- Ойын технологиялары;
- Дамытушы оқыту;

- Проблемалық жағдаяттар.
- Зерттеу элементтері.
- Ақпараттық технологиялар

4-мәселе бойынша Кыстаубаева Г.М. «дене шынықтыру бойынша дидактикалық материалдар және көрнекіліктер қоры» тақырыптық бақылау қорытындысымен таныстырды.

Тақырыптық бақылау барлық топтар бойынша жүргізілгені бойынша айтылды. Бақылау барысында:

- Дене шынықтыру бұрыштарын жабдықтау;
- спорттық құралдар сапасы;
- Ұауіпсіздік талаптарының сақталуы;
- Дидактикалық материалдардың жеткіліктілігі;
- Қимылды ойындардың ұйымдастырылуы;
- Ұлттық ойындардың қолданылуы;
- Балалардың қимыл белсенділігі қарастырылғаны баяндалды.

Педагогтер шығармашылық бағыттағы жұмыстарды жетілдіру, санитарлық талаптарды сақтау, ашық іс-әрекеттердің сапасын арттыру және дене шынықтыру ортасын жаңарту мәселелері бойынша пікір алмасты.

Қаулы етілді

1. Педагогтердің шығармашылық тақырыптары әдістемелік талаптарға сәйкес бекітілсін.
2. Шығармашылық жұмыстардың орындалуы бойынша аралық мониторинг жүргізілсін.
3. СанПин талаптарының орындалуы күнделікті бақылауға алынсын.
4. Режимдік сәттерді ұйымдастыру барысында балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігі басты назарда болсын.
5. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер заманауи талаптарға сәйкес өткізілсін.
6. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында тәжірибе алмасу жұмыстары күшейтілсін.
7. Ұлттық қимылды ойындарды ұйымдастырылған іс-әрекет барысында жүйелі қолдану қамтамасыз етілсін.
8. Балалардың қимыл белсенділігін арттыру мақсатында сауықтыру шаралары тұрақты өткізілсін.
9. Әдістемелік қызмет тарапынан педагогтерге жүйелі көмек көрсетілсін.

Педагогикалық кеңес төрағасы:

Кыстаубаева Г.М.

Хатшы

Ситкова Л.Б.

ЖШС «Асылым777» «Асылым» балабақшасы
№4 Әдістемелік кеңес хаттамасы

Өткізілген күні: 02 мамыр 2024 жыл

Өткізілген орны: Асылым балабақшасы

Қатысқандар: 7

Қатыспанғандар: 2

Төраға: Кыстаубаева Г.М.

Хатшы: Елтокова Л.Б.

Күн тәртібі

1. Балалардың біліктері мен дамуының қорытынды мониторингінің нәтижесін талдау.
2. Үйірме жұмыстарының жүргізілу барысын кешенді бақылау.
3. Жас мамандар мектебінің жұмысы туралы есеп беру.
4. Балалардың мектепке оқуға даярлығы.

1-мәселе бойынша

Тыңдалды:

Меңгеруші Кыстаубаева Г.М. балалардың біліктері мен дағдыларының қорытынды мониторингі нәтижелері туралы ақпарат берді. Мониторинг қорытындысы бойынша тәрбиеленушілердің басым бөлігі білім беру бағдарламасында көзделген күтілетін нәтижелерге қол жеткізгені анықталды. Балалардың танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік және дене дамуы бойынша оң динамика байқалды.

Сөйледі:

Кыстаубаева Г.М. мониторинг нәтижелерінің балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес екендігін атап өтті.

Қаулы:

1. Қорытынды мониторинг нәтижелері қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Жаңа оқу жылында жеке қолдауды қажет ететін тәрбиелеушілермен түзету жұмыстарын жалғастыру ұсынылсын.
3. Мониторинг нәтижелері педагогикалық кеңесте қаралсын.

2-мәселе бойынша

Тыңдалды:

Меңгеруші Кыстаубаева Г.М. үйірме жұмыстарының жүргізілу барысына жүргізілген кешенді бақылау нәтижелерімен таныстырды. Бақылау барысында үйірме құжаттамаларының жүргізілуі, сабақтардың сапасы, балалардың қатысу белсенділігі және үйірме жұмысының нәтижелігі зерделенді.

Үйірме жетекшілері бағдарламалық материалдарды жүйелі түрде жүзеге асырып, тәрбиеленушілердің қызығушылықтарын дамыту бағытында тиімді жұмыс жүргізген.

Қаулы:

1. Үйірме жұмыстарының ұйымдастырылуы қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Үйірме сабақтарында инновациялық технологияларды қолдану жалғастырылсын.
3. Үйірме жұмыстарының нәтижелерін көрмелер мен байқаулар арқылы насихаттау.

3-мәселе бойынша

Тыңдалды:

Жас мамандар мектебінің жетекшісі Елтокова Л.Б. атқарылған жұмыстар бойынша есеп берді. Есеп барысында жас педагогтерге әдістемелік көмек көрсету, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерге қатысу, тәлімгерлік жұмыстар және кәсіби құзыреттілікті дамыту шаралары туралы ақпарат ұсынылды.

Жас мамандар оқу жылы ішінде белсенділік танытып, кәсіби шеберліктерін жетілдіргені атап өтілді.

Қаулы:

1. Жас мамандар мектебінің жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Тәлімгерлік жұмысты жаңа оқу жылында жүйелі жалғастыру ұсынылсын.
3. Жас педагогтердің кәсіби дамуына бағытталған практикалық семинарлар ұйымдастырылсын.

4-мәселе бойынша

Тыңдалды:

Мектепалды даярлық тобының педагогтері балалардың мектепке оқуға даярлығы туралы ақпарат берді. Нәтижелер бойынша тәрбиеленушілердің көпшілігі оқу әрекетіне психологиялық, зияткерлік және әлеуметтік тұрғыдан дайын екендігі анықталды.

Балаларда тындай білу, тапсырмаларды орындау, оқу қызметіне қызығушылық таныту, өз ойын жеткізу, және қарым қатынас жасау дағдылары қалыптасқан.

Қаулы:

1. Балалардың мектепке оқуға даярлық деңгейі жеткілікті деп танылсын.
2. Ата аналарға мектепке бейімделу кезеңі бойынша ұсынымдар берілсін.
3. Мектеппен сабақтастық жұмыстарын жалғастыру қамтамасыз етілсін.

Төрайымы Қыстаубаева Г.М.

Хатшы Елтокова Л.Б.



Жуф

ЖШС «Асылым777» «Асылым» балабақшасы
№4 Әдістемелік кеңес хаттамасы

Өткізілген күні: 02 мамыр 2024 жыл

Өткізілген орны: Асылым балабақшасы

Қатысқандар: 7

Қатыспанғандар: 2

Төраға: Кыстаубаева Г.М.

Хатшы: Елтокова Л.Б.

Күн тәртібі

1. Балалардың біліктері мен дамуының қорытынды мониторингінің нәтижесін талдау.
2. Үйірме жұмыстарының жүргізілу барысын кешенді бақылау.
3. Жас мамандар мектебінің жұмысы туралы есеп беру.
4. Балалардың мектепке оқуға даярлығы.

1-мәселе бойынша

Тыңдалды:

Меңгеруші Кыстаубаева Г.М. балалардың біліктері мен дағдыларының қорытынды мониторингі нәтижелері туралы ақпарат берді. Мониторинг қорытындысы бойынша тәрбиеленушілердің басым бөлігі білім беру бағдарламасында көзделген күтілетін нәтижелерге қол жеткізгені анықталды. Балалардың танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік және дене дамуы бойынша оң динамика байқалды.

Сөйледі:

Кыстаубаева Г.М. мониторинг нәтижелерінің балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес екендігін атап өтті.

Қаулы:

1. Қорытынды мониторинг нәтижелері қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Жаңа оқу жылында жеке қолдауды қажет ететін тәрбиелеушілермен түзету жұмыстарын жалғастыру ұсынылсын.
3. Мониторинг нәтижелері педагогикалық кеңесте қаралсын.

2-мәселе бойынша

Тыңдалды:

Меңгеруші Кыстаубаева Г.М. үйірме жұмыстарының жүргізілу барысына жүргізілген кешенді бақылау нәтижелерімен таныстырды. Бақылау барысында үйірме құжаттамаларының жүргізілуі, сабақтардың сапасы, балалардың қатысу белсенділігі және үйірме жұмысының нәтижелігі зерделенді.

Үйірме жетекшілері бағдарламалық материалдарды жүйелі түрде жүзеге асырып, тәрбиеленушілердің қызығушылықтарын дамыту бағытында тиімді жұмыс жүргізген.

Қаулы:

1. Үйірме жұмыстарының ұйымдастырылуы қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Үйірме сабақтарында инновациялық технологияларды қолдану жалғастырылсын.
3. Үйірме жұмыстарының нәтижелерін көрмелер мен байқаулар арқылы насихаттау.

3-мәселе бойынша

Тыңдалды:

Жас мамандар мектебінің жетекшісі Елтокова Л.Б. атқарылған жұмыстар бойынша есеп берді. Есеп барысында жас педагогтерге әдістемелік көмек көрсету, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерге қатысу, тәлімгерлік жұмыстар және кәсіби құзыреттілікті дамыту шаралары туралы ақпарат ұсынылды.

Жас мамандар оқу жылы ішінде белсенділік танытып, кәсіби шеберліктерін жетілдіргені атап өтілді.

Қаулы:

1. Жас мамандар мектебінің жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Тәлімгерлік жұмысты жаңа оқу жылында жүйелі жалғастыру ұсынылсын.
3. Жас педагогтердің кәсіби дамуына бағытталған практикалық семинарлар ұйымдастырылсын.

«Татарстан»

